

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 9 қарашадағы № 327 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 қарашада № 25099 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау тәртібін, сондай-ақ "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.";

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын облыстардың,

республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші));

2) банк – Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға;

3) жеке кабинет – пайдаланушының (қарыз алушының, кепілгердің/сақтандыру ұйымының, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)) субсидиялауға арналған электрондық тізілімдегі жеке веб-парақшасы;

4) жеке шот – субсидиялауға арналған электрондық тізілімде қамтылған, субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

5) кепілгер – "Бәйтерек" Холдингі" акционерлік қоғамының кепілдіктер беруге уәкілетті еншілес ұйымы;

6) кепілдік – қарыз алушының міндеттемелері бойынша банк алдында кепілгердің ортақ жауапкершілігін ішінара растайтын құжат;

7) кепілдік көлемі/сақтандыру сомасы – оған кепілдік берілген немесе талап ету құқығы басталған кезде кепілгердің/сақтандыру ұйымының кредитор алдындағы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын қарыздың бір бөлігі сақтандырылған қаражат сомасы;

8) кепілдік шарты – қарыз алушы, банк және кепілгер арасында жасалған үшжақты жазбаша келісім;

9) кепілдік бойынша төлем/сақтандыру төлемі – талап ету құқығы пайда басталған кезде кепілдік/сақтандыру сомасы көлемі шегінде кепілгер/сақтандыру ұйымы кредиторға төлейтін қаражат сомасы;

10) кепілдік жөніндегі комиссия/сақтандыру сыйлықақысы – қарыз алушы және (немесе) ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) кепілгерге/сақтандыру ұйымына соңғылардың талап ету құқығы басталған кезде кредиторға кредиттің кепілдендірілген/сақтандырылған бөлігін төлеуді жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлемдер түрінде төлейтін қаражат сомасы;

11) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім – кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінім бергенге дейін кепілгердің субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде субсидия сомасын резервке қоюға арналған электрондық өтінімі;

12) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім – қарыз алушының кредиттері бойынша берілген комиссияның бір бөлігін субсидиялауға берілетін кепілгердің электрондық өтініші;

13) кредит – банктің Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және нысаналы мақсат шарттарымен кредит шарты бойынша қарыз алушыға беретін қарыз қаражаты;

14) кредитор – екінші деңгейдегі банктер, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер мен микроқаржы ұйымдары;

15) кредиттік шарт – банк пен кәсіпкер арасындағы жазбаша келісім, оның шарты бойынша банк кәсіпкерге кредит береді. Кредит шартына кредиттік желіні ашу туралы келісім де кіреді;

Ислам Банкі үшін кредиттік шарт қаржыландыру шарты деп түсініледі – ислам банкі мен кәсіпкер арасында жасалған жазбаша келісім, оның талаптары бойынша ислам банкі кәсіпкер-сатып алушыға немесе тауар сатушыға коммерциялық кредит береді. Қаржыландыру шартына сондай-ақ бас қаржыландыру келісімі жатады, оның шеңберінде ислам банкі мен кәсіпкер коммерциялық кредит (қаржыландыру) беру туралы жекелеген шарттар жасасады. Коммерциялық кредит деп исламдық банктердің кәсіпкердің сауда делдалы ретінде кәсіпкердің сауда қызметін кәсіпкерге тауар бағасынан және тауарға үстеме бағадан қалыптасатын тауарды сату бағасы бойынша төлемді кейінге қалдыра отырып немесе бөліп-бөліп төлей отырып тауарды сату жолымен қаржыландыруы түсініледі;

16) қарыз алушы – кредитормен қарыз шартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ дара кәсіпкер (оның ішінде шаруа (фермер) қожалығы);

17) көрсетілетін қызметті жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) айқындайтын субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

18) портфельдік кепілдендіру беру – кепілгер банк үшін белгілеген лимит шеңберінде қарыз алушыларға кепілдіктер беру нысаны;

19) сақтандыру ұйымы – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

20) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жүргізуге, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

21) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналастырылған, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

22) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидия алуға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, кредиторлар туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

23) талап ету құқығы – оның басталуымен кепілдендіру/сақтандыру шарты кепілдік бойынша төлемді/сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

24) ұсыныс – электрондық цифрлық қолтаңбалар қойылған, қарыз алушы мен сақтандыру ұйымының субсидиялау шартын жасасуға арналған бірлескен электрондық ұсынысы;

25) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополия субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

26) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын, ұлттық куәландырушы орталығы берген электрондық цифрлық нышандар жиыны.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Басым инвестициялық жобалар бойынша кепілдік мөлшері жоба пайдалануға берілгенге дейін 85 (сексен бес) %-дан аспайды. Жобаны пайдалануға бергеннен кейін кепілдік мөлшері осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес мөлшерге дейін төмендейді.

Басым инвестициялық жобалардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес айқындалған.

Жоба бойынша ғимараттар мен құрылыс-жайларды пайдалануға беру актісін уәкілетті органда тіркеу және (немесе) уәкілетті органда техниканы тіркеу және/немесе құны жоба құнының кемінде 50 (елу) %-ын құрайтын жабдықтарды және (немесе) биологиялық активтерді қабылдау-беру актісіне қол қою жобаны пайдалануға беру болып есептеледі.

Кепілгер екі жақты негіздемелік келісім жасай отырып және кепілдіктің ең жоғары сомасын белгілей отырып, портфельдік кепілдендіру әдісін қолданады. Банкті таңдауды кепілгер дербес жүзеге асырады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияны беру ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді

қамтитын субсидияны алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

Веб-портал мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.";

45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым келіп түскен жағдайда Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті беруші) шағымы қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға жіберілмейді.

46. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органның атына келіп түскен қарыз алушының, кепілгердің, сақтандыру ұйымының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен қарыз алушының, кепілгердің, сақтандыру ұйымының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР Әкімшілік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2021 жылғы 9 қарашадағы
№ 327 бұйрығына
1-қосымша
Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
2-қосымша

Басым инвестициялық жобалардың тізбесі

Р/с №	Атауы
1	Тауарлық сүт фермалары
2	Құстарды ет үшін өсіру
3	Қарқынды бақ шаруашылығы
4	Жылыжайлар
5	Қант қызылшасын өсіру және қызылша қантын өндірісі

6	Жарма өндірісі
7	Жемістер мен көкөністерді өңдеу
8	Өсімдік май және (немесе) тоң-май өнімдерінің өндірісі
9	Картоп және (немесе) көкөніс өнімдерін (асханалық сәбіз, басты пияз, ақбас қырыққабат) өсіру
10	Құс шаруашылығында асыл тұқымды репродуктор салу

Қазақстан Республикасының
 Ауыл шаруашылығы министрі
 2021 жылғы 9 қарашадағы
 № 327 бұйрығына
 2-қосымша
 Агроөнеркәсіптік кешен
 субъектілерінің қарыздарын
 кепілдендіру мен сақтандыру
 шеңберінде субсидиялау
 қағидаларына
 3-қосымша

Нысан

Кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім

(кімге) _____

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы)

(кімнен) _____

(кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес Кепілгер,

_____ (қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – қарыз алушының аты-жөні)/ атауы) және _____ арасында (екінші деңгейдегі банктің атауы (бұдан әрі – банк) кепілдік шартына қол қойылғанын хабарлайды.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _____ (қарыз алушының аты-жөні/атауы) _____ (банктің атауы) алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты сізден _____ (кепілдеме сомасынан 29,9 (жиырма тоғыз бүтін оннан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %) мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз:

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік құны аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

аты-жөні/атауы _____ жеке
сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі –БСН)

басшының аты-жөні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

2. Екінші деңгейдегі банктегі шот бойынша мәліметтер:

БСН _____

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

Банк деректемелері: _____

Банктің атауы: _____

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____

БСН _____

Кбе _____

3. Банк пен қарыз алушы арасында жасалған кредит шарты (бұдан әрі – КШ) туралы мәліметтер:

Р/с №	КШ (№ және күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Өнім (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру мақсаты	Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік шарты (бұдан әрі – КепШ) туралы мәліметтер:

Р/с №	КепШ (№ және күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы / БСН-сы	Кепілдік сомасы, теңге	Кепілдік мерзімі, жыл
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20 __ жылы " __ " _____ сағат __ кол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20 __ жылы " __ " _____ сағат ____ қабылдады:
 ЭЦҚ-дан алынған деректер
 ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Қазақстан Республикасының
 Ауыл шаруашылығы министрі
 2021 жылғы 9 қарашадағы
 № 327 бұйрығына
 3-қосымша
 Агроөнеркәсіптік кешен
 субъектілерінің қарыздарын
 кепілдендіру мен сақтандыру
 шеңберінде субсидиялау
 қағидаларына
 6-қосымша
 Нысан

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Порталға жүгінген сәттен бастап: кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімдер бойынша – 3 (үш) жұмыс күні; сақтандыру бойынша субсидиялауға өтінімдер бойынша – 21 (жиырма бір) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Субсидияны аудару туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынадан уәжді бас тарту туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.

7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін ;</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Кепілдік беру бойынша субсидия алу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 3 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілгердің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында кепілдік беру бойынша субсидия алуға өтінім беріледі. Сақтандыру бойынша субсидия алу үшін сақтандыру ұйымының уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру бойынша субсидиялауға өтінім беріледі.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін кепілгер/сақтандыру ұйымы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы ;</p> <p>2) кепілгердің/сақтандыру ұйымының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>
10	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру шеңберінде субсидиялау шартына қол қою кезінде дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ оларды бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының субъектілік мониторингінің ақпараттық жүйесін құру жөніндегі жоба шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға сұраным бойынша беруге келісім береді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті" және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77 77. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында; 2) мемлекеттік органдардың www.egov.kz интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналастырылған.</p>

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2021 жылғы 9 қарашадағы
№ 327 бұйрығына
4-қосымша
Агроөнеркәсіптік кешен

субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім

(кімге) _____
(облыстық жергілікті атқарушы орган)

(кімнен) _____
(Кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес

_____ (қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – аты-жөні)/атауы) _____ (екінші деңгейдегі банктің (бұдан әрі – банк) атауы) кредитке өтінім берді, ол өтінім мақұлданған жағдайда кепілдендіруге өтінім беру жоспарланады.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _____ (қарыз алушының аты-жөні/атауы) _____ (банктің атауы) алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты Сізден _____ (кепілдеме сомасынан 29,9 (жиырма тоғыз бүтін оннан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %)) мөлшерінде субсидия (сомасын ағымдағы жылға арналған бюджетте көздеуді сұраймыз;

Өтінім беруші туралы мәліметтер.

аты-жөні/атауы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

Басшының аты-жөні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

2. Екінші деңгейдегі банктегі шот бойынша мәліметтер:

БСН _____

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

Банк деректемелері: _____

Банктің атауы: _____

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____

БСН _____

Кбе _____

3. Банк пен қарыз алушы арасындағы жасалған кредиттік шарт (бұдан әрі – КШ) туралы мәліметтер:

Р/с №	КШ (номері мен күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Өнім (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру мақсаты	Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік шарт туралы мәліметтер: (бұдан әрі – КепШ)

Р/с №	КепШ (номері мен күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/ БСН-сы	Кепілдік сомасы, теңге	Кепілдік мерзімі, жыл
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы " __ " _____ сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты